
A doctor in a white lab coat is shown from the chest up, holding a tablet. The background is a light blue gradient. Overlaid on the doctor are several futuristic, semi-transparent blue panels containing medical data and icons. These panels include: a brain scan, a heart diagram, a bar chart, a line graph, and various icons like a gear, a recycling symbol, and a play button. A central blue silhouette of a human figure is also visible, with lines connecting it to the data panels. The overall theme is advanced medical technology and data analysis.

# Тыныс жолдарының ақаулары.

Қабылдаған: Турметов И  
Орындаған: Советова С  
Тобы: ЖМ - 203

# Жоспар:




- I. Кіріспе.

Мақсаты мен зерттеу маңыздылығы


## II. Негізгі бөлім



- А) Пневмония
- Б) Тыныс алудың маңызы
- В) Өкпенің респираторлық дистресс-синдромы
- Г) Туберкулез
- Д) Пневмоторакс
- III. Қорытынды
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі




- Тыныс жолдарының туа біткен және жүре пайда болған ақаулары туралы студенттер арасында емі мен күтімі, аурудың пайда болу себептері жайында түсінік қалыптастыру.

# Зерттеу сұрағы








- Пневмония-өкпе паренхимасының жедел инфекциялы-қабыну ауруы, әртүрлі дәрежеде байқалатын тыныс алудың бұзылуы, лихорадка, улану белгілері, өзіне тән физикалдық белгілер және өкпе рентгенологиялық “жаңа” ошақты-инфилтративті өзгерістермен сипатталады.





- Аурудың дамуына ішкі ағзаның реактивтілігі, ауруға қарсы тұру қабілеті, шала туу, созылмалы ауру ошағы, баланың жасы, суыққа ұрынудың да маңызы зор.
- Инфекция өкпеге бронх, лимфа және қан арқылы өтеді.



Normal  
alveoli




Pneumonia







# Клиникасы:



- Тыныс алу тапшылығы, жүрек-қан жүйесі, ас қорыту жүйесі қызметінің бұзылуымен сипатталады.
- Жиі, ұстама тәрізді жөтел мазалайды.
- Қақырық аз, көпіршікті, кейде қан араласады.
- Ауру ұзаққа созылады, кейде өлімге соқтырады.




**Пневмония**





- Өкпедегі қабыну үрдісін басу.
- ТТ белгілерін, жалпы улануды, лихорадканы жою, өкпе экскурсиясын қалпына келтіру, жиі тыныс алуды және жөтелді болдырмау, көңіл-күйі мен тәбетті жақсарту.
- Айығу кезеңінде емдік жаттығулар, массаж, физиотерапия пайдалы.


# Тыныс алудың маңызы:



- Тыныс алу жүйесі өте маңызды газ алмасу қызметін атқарады, ал газ алмасусыз тіршілік ету мүмкін емес. Организм мен сыртқы орта арасындағы оттегі түсіп, көмірқышқыл газының шығарылуымен байланысты жүретін газ алмасу процесі **тыныс алу** деп аталады. Оттегі органикалық заттарды тотықтыруға және ыдыратуға керек, осы кезде энергия бөлініп, көмірқышқыл газы мен су түзіледі.





# ДЫХАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА




$O_2$  - 21%  
 $CO_2$  - 0,04%

$O_2$  - 16%  
 $CO_2$  - 4%




Частота дыхания в покое составляет 16 раз в минуту  
За один вдох в легкие попадает около 500 мл воздуха (дыхательный объем)  
Максимальное количество воздуха, которое можно вдохнуть называют жизненной емкостью легких. Она составляет от 3,5 до 5 литров




- Адам дем алғанда осы атмосфералық ауа өкпеге енеді, ал өкпедегі альвеолалық ауа мен дем шығарғанда шығатын ауада оттегімен көмір қышқыл газ мөлшері ұдайы өзгеріп отырады: оттегі азайып, көмір қышқылгаз көбейеді. Деммен бірге шығатын ауамен альвеолалық ауадағы оттегімен көмір қышқыл газ мөлшерін салыстырсақ деммен шыққан ауада оттегі көбірек, көмір қышқыл газ азырақ: альвеолалық ауа өкпеден шығарда тыныс жолындағы атмосфералық ауамен араласып кетеді.







- **Барометр** (грекше ауырлық өлшеу) — атмосфералық қысымды өлшейтін аспап.
- **Атмосфералық немесе барометрлік қысым**  
Ол қысым жер шарында біркелкі және тұрақты болмайды. Оның шамасы географиялық жағдайына, жыл, тәулік уақытында және әртүрлі атмосфералық құбылыстарына байланысты болады. Жер бетінен биіктеген сайын, атмосфералық қысым төмендей түседі де жер астына тереңдеген сайын – жоғарылайды.




**Өкпенің респираторлық дистресс-синдромы** – өкпенің әртүрлі этиологиялық зақымдалуынан болатын, кардиогенді емес (интерстициальды және альвеолярлы) қабынумен, сыртқы тыныстың бұзылуымен және гипоксиямен сипатталатын жедел тыныстық жетіспеушілік. Альвеолярлы капиллярлы мембраналардың өткізгіштігінің жоғарылауымен және клиникалық рентгенологиялық, физиологиялық бұзылыстарының ассоцирлеуші кешендерінің бұзылуымен байланысты анықталатын қабыну синдромы.



14-сурет.  
Өкпедегі газ алмасу принципі


# Пневмония и респираторный дистресс-синдром взрослых (РДСВ)



*Роберт Кох (1843-1910 гг.)*




# Туберкулез



- Туберкулез (лат. tuberculum – төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микробактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм.






- Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. Ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады. Туберкулез таяқшалары әр түрлі органдарды, көбінесе өкпені зақымдайды. Аурудың біліну сипаты туберкулездің түріне, науқастың жасына, организмнің жалпы жағдайына байланысты. Аурудың ортақ белгілері: дене қызуының көтерілуі, түнге қарай көп терлеушілік, ұйқының қашуы және тәбеттің нашарлауы. Науқас жүдеп, ашуланшақ келеді, жұмысқа қабілеті төмендейді.




# Туберкулезді санитарлық алдын алу





- Туберкулезді санитарлық алдын алу - туберкулез инфекциясының ошағындағы туберкулезге қарсы эпидемиялық алдын алу шаралары.
- Туберкулез инфекциясының ошақтарын бір эпидемиологиялық топтан екінші топқа ауыстыруды, ошақтағы жағдайдың өзгеруі барысында, яғни ауру жұқтыру қаупін төмендететін немесе жоғарлататын жағдайда, эпидемиолог дәрігер учаскелік фтизиатрмен бірлесе отырып жүргізеді.

# Өкпе қабының қуысына ауа жиналу синдромы (пневмоторакс)



- Пневмоторакс – деп висцеральды және париеталды плевра жапырақшалары арасында ауаның жиналуын айтамыз.





Плевра қуысына жиналған ауаның көлеміне қарай пневмоторакс

Кіші  
(өкпенің  $3/1$   
бөлігі  
қысылады)


Орташа  
(өкпенің  $1/2$   
бөлігі  
қысылады)

Орташа  
(өкпенің  $1/2$  бөлігі  
қысылады)




**Рис. Результаты диагностики ДСТ у пациентов с первичным спонтанным пневмотораксом и в популяции**

# Қорытынды





- Тыныс алу жүйесі өте маңызды газ алмасу қызметін атқарады, ал газ алмасусыз тіршілік ету мүмкін емес. Тыныс алу жүйесі – адам баласы үшін маңызды жүйелердің бірі. «Дені саудың – жаны сау» демекші, өз денсаулығымызға дұрыстап қарайық. Салауатты өмір салтын ұстанайық!



# Пайдаланылған әдебиеттер



- Қапан Тұрсынов «Нәрестелер хирургиясы» Алматы 2011
- <http://www.google.kz>




*Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет !*




# *Кері байланы с*









***Туберкулез  
дегеніміз не?***




*Туберкулез (лат. *tuberculum* – төмпешік),  
ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен  
жануарларда болатын созылмалы  
жұқпалы ауру.*




*Пневмония  
дегеніміз не?*



**Пневмония-өкпе  
паренхимасының жедел  
инфекциялы-қабыну ауруы,  
әртүрлі дәрежеде байқалатын  
тыныс алудың бұзылуы,  
лихорадка, улану белгілері, өзіне  
тән физикалдық белгілер және  
өкпе рентгенологиялық “жаңа”  
ошақты-инфилтративті  
өзгерістермен сипатталады.**



*Плера қуысына жиналған ауаның көлеміне қарай пневмоторакстың неше түрі бар?*



# *Үлкен, Кіші, Орташа*